



**Автор:** Габбасова Булбул

**Пән:** Қазақ тілі мен әдебиеті

**Сынып:** 9-сынып

**Бөлім:** Алаш идеясы мен қайраткерлері

**Тақырып:** Алаштың сөнбес жұлдызы - М.Жұмабаев

|                                               |                                                                                                                                                                                                                                                         |
|-----------------------------------------------|---------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | Қазақтың бес арысының бірі – М.Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы жалпы білімдерін толықтыру.                                                                                                                                                   |
| Сабақтың мақсаты:                             | Оқушылардың әдеби теориялық білімдерін арттыру, жылдам ойлау дағдыларын қалыптастыру, М. Жұмабаевтың отаншылдыққа, ұлттық рухқа толы өлеңдерін оқуға баулу.                                                                                             |
| Тілдік мақсаттар:                             | Оқушылардың сөз байлықтарын арттыру, поэзиялық талдау дағдыларын дамыту, өз пікірлерін айтуға дағдыландыру,                                                                                                                                             |
| Күтілетін нәтиже:                             | <ul style="list-style-type: none"><li>• Автордың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы білімдерін толықтыра түсті;</li><li>• Өлеңдердің тақырыбын, идеясын түсінетін болды;</li><li>• Жылдам ойлауға дағдыланды;</li><li>• Сөздік қорлары артты.</li></ul> |
| Бағалау критерийлері:                         | <ul style="list-style-type: none"><li>• Нақыл сөздерді түсінеді;</li><li>• Өлең тақырыбын анықтай алады;</li><li>• Жылдам ойлайды;</li><li>• Дәлелді еркін сөйлейді;</li></ul>                                                                          |
| Құндылықтарды дарыту:                         | Ашықтық, ынтымақтастық құндылықтарды дарыту                                                                                                                                                                                                             |
| АКТ-ны қолдану дағдылары:                     |                                                                                                                                                                                                                                                         |
| Пәнаралық байланыс:                           | қазақ тілі, қазақ әдебиеті                                                                                                                                                                                                                              |
| Бастапқы білім:                               | М.Жұмабаевтың өмірі және шығармашылығымен таныс.                                                                                                                                                                                                        |

### Сабақ барысы

| Сабақ кезеңдері          | Жоспарланған іс-әрекет                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                         | Ресурстар                |
|--------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------------|
| Сабақтың басы (15 мин)   | Ұйымдастырушылық кезең. Сәлемдесу. Оқушыларға түрлі түсті қағаздарды тарату арқылы оларды 4 топқа бөлу. Әр топқа алдын-ала дайындалған 4 постер беріледі. Әр постерде 10 нақыл сөздер жапсырылған, ондағы көп нүктенің орнына жасырынған сөздерді табу тапсырмасы беріледі. Оқушылар әр көп нүктенің орнына олардың ойынша сәйкес келеді деген( кем дегенде) 3 сөз жазу керек. | Постерлер                |
| Сабақтың ортасы (10 мин) | Оқушылар тақтада ілінген өлеңдерден 1 өлең таңдайды. Оларға жұмыс парақтары таратылады. Оқушылар өлең жолдарын түсініп оқып, өлеңді ашатын кілттік сөздерді, өлең тақырыбын, бағытын және өз өмірлерінде қолдану ұяшықтарын толтыру қажет.                                                                                                                                     | Өлеңдер, жұмыс парақтары |
| Сабақтың соңы (10 мин)   | Сабақ соңында әр топ өз жұмыстарын қорғайды, өз жауаптарымен бір-бірімен бөліседі. Кейін дұрыс жауаптарды тыңдайды және сол бойынша бір-бірінің жұмыстарын бағалайды.                                                                                                                                                                                                          | ауызша                   |
| Рефлексия (5 мин)        | <ul style="list-style-type: none"><li>• Сабақ барысында мен не білдім?</li><li>• Ең қызықты тапсырма?</li><li>• Сабақ көңілімнен шықты!</li><li>• Сабақ түсініксіз болды.</li></ul>                                                                                                                                                                                            | ауызша                   |